

Ел болашағы - креативті жастар қолында



4-БЕТ

Ауылына қарап, азаматын таны!



6-БЕТ



Мұрат ӘБДИҒҰЛОВ, «Қонаев» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ның Басқарма төрағасы:

«Бағаны тұрақтандыру - кәсіпкерлерге де, халыққа да тиімді»

8-БЕТ



• СҰХБАТ

Айнұр ЖАХИНА, Ақмола облыстық Қазақстан халықтары ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы:

«АНАЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚОҒАМҒА БЕРЕРІ МОЛ»

– Аналар кеңесінің қоғамға берері не? Қазақстан халқы ассамблеясының Ақмола облыстық филиалына қарасты Аналар кеңесінің атқарып отырған жұмысы қандай?

– Аналар кеңесі – Қазақстан халқы ассамблеясының заңды құрылымдарының бірі. Олар өз қызметін еліміздің үлкен қалаларынан бастап, әрбір шағын елді мекенінде жүзеге асырады. Осыдан біршама уақыт бұрын қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту ісіне халықтың барлық топтарының қатысуын күшейту мақсатында елімізде Аналар кеңесі жаппай құрыла бастаған болатын. Сол уақыттан бері еліміздегі Аналар кеңесі кейбір тұрмыстық мәселелерді шешу, тәрбиелік шараларды ұйымдастыру, қайырымдылық көрсету, ұлттық құндылықтарды сақтау, қоғамдағы ана мен әке рөлін айқындау, ұлттық дәстүрімізді жаңғырту секілді көптеген іс-шараларда өз орнын айқындап келеді. Қазіргі таңда Ақмола облысындағы Аналар кеңесінің 1200-ден астам мүшесі бар, сонымен қатар 104 аналар кеңесі, оның ішінде 1 облыстық, 3 қалалық, 13 аудандық, 87 ауылдық аналар кеңесі жұмыс істейді. Бірінші тоқсанда облысымыздағы Аналар кеңесі 40-тан аса іс-шара өткізіп, оған 2300-ден астам адам қатысты.

– Жыл басынан бері Аналар кеңесі қандай шараларды өткізуге мұрындық болды?

– Өз жұмысын бастаған уақыттан бері Аналар кеңесі өте маңызды, мағыналы бастамалардың басы-қасында жүр. Мәселен, Достық үйінде Көкшетау қаласы Аналар кеңесінің «Көкшетау қаласы мектептерінде аналар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында кеңейтілген отырыс өтті. Отырысқа директорлардың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп психологтары, әлеуметтік педагогтар мен ҚХА жанындағы облыстық Аналар кеңесінің төрайымы және Көкшетау қалалық аналар кеңесінің төрайымы қатысты. Отырыста Көкшетау қаласы мектептерінің аналар кеңесінің жұмысын жандандыру, олардың ҚХА басқа қоғамдық құрылымдармен интеграциялану мәселелері талқыланды.

(Соңы 2-бетте)

(Соңы 5-бетте)

ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет


✉ zangazet@mail.ru

№39 (3668) 28 мамыр 2024



• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СИНТЕТИКАЛЫҚ ЕСІРТКІ – ЕЛГЕ ҚАУІП



Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның кезекті отырысы өтті. Жиынға депутат Айдос Сарым төрағалық етіп, онда есірткі, психотроптық заттардың және олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері туралы заң жобалары талқыланды. Жиынға Қоғамдық палата мүшелерімен қатар, Мәжіліс депутаттары, заң жобасы бойынша жұмыс тобының мүшелері, Ішкі істер, Денсаулық сақтау және Әділет министрліктерінің, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

(Соңы 2-бетте)

• КАУІПСІЗДІК

Заман талабына сай магистральдардың құрылысы елдегі жол қауіпсіздігіне оң әсерін тигізіп отыр. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы Қайсар Сұлтанбаев мәлімдеді.

«15 жыл бұрын қара жолда қаза көп еді. Статистика көрсеткендей сол уақыттарда жолда 4 мыңнан астам азамат көз жұмса, қазір бұл көрсеткіш 2 есеге азайып отыр. Магистральдық жолдардың жекелеген учаскелерінде адам шығыны 6 еседен астам қысқарды. Мысалы, «Астана-Щучинск» тас жолын қайта жаңартып, жолақтар санын 6-ға дейін ұлғайтып, сондай-ақ бөлу жолағын ретке келтіргеннен кейін жол-көлік апаттары кезінде орын алатын өлім-жітім саны төмендеді. Мәселен, бұрын жол тар кезде жылына 75 қаралы оқиға тіркелсе, қазір бұл деректің 12-ге дейін кемігенін байқап отырмыз», – деді Қайсар Сұлтанбаев.

Жол апатының төмендеуі «Астана – Павлодар – Семей», «Астана – Қарағанды» бағыттары бойынша жаңа автомагистральдарда да байқалады.

ЖОЛДЫҢ КЕҢДІГІ ЖОЛАУШЫЛАР ӨМІРІН САҚТАУҒА СЕП

ІІМ өкілінің айтуынша, елдегі жолдардың негізгі бөлігі ескірген стандарттар бойынша салынған. Бұл – ені 7 метрден аспайтын екі жолақты жолдар. Төрт немесе одан да көп жолақты бар бірінші санаттағы жолдар тек 2%-ды құрайды.

Еліміз үшін адам өмірінен құнды дүние жоқ. Сондықтан, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қаралы оқиғаларға жол бермеу үшін барлық мүмкіндік қарастырылуы керек. Соның ішінде жолдағы жауаптылықты көтерумен бірге, жолдарды кеңейту мен сапасын арттыру мәселесі де күн тәртібінен түспей келеді. Спикер атап өткендей, осыған байланысты 6 мың шақырымнан астам жолда жолақтар санын кеңейту және бөлу жолағын салуды қайта жаңартуды қамтамасыз ету қажет.

Дәулет ЖОЛДАС



• КИЕ

ТІЛ – БАБАЛАР АМАНАТЫ

Халық пен тіл егіз ұғым. Бірінсіз бірі жоқ. Тіл – халықтың басты адами һәм рухани байлығы болса, халық – тілдің иесі.

Сонымен қатар тіл тек таным құралы ғана емес, билік жүргізіп ел басқарудың, экономиканың, үлкен саясаттың да қуатты құралы. Тілі нығайған елдің өзгелерге ықпалы да артады. Қазіргі әлемдік бәсеке жағдайында мықты ұлттар ғана өз мүддесі үшін күресе алады. Мықты ұлт болу үшін ұлттық мәдениет қалыптасуы керек. Сонда ғана әлемдік өркениет кеністігінен өзіне тияны ала алады.

Еліміз егемендік алып, ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Белгілі бір тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болуы оңи мәні емен, себебі ол тіл сол мемлекет иесі болып отырған халықтың мүддесінен шығып, барлық саладағы мұқтаждықты өтей алатын дәрежеде болуы шарт. Яғни, ол өнер, әдебиет, мәдениет те, баспасөз, дипломатиялық қарым-қатынас, ғылым, өндіріс, ресми іс-қағаздар т.б. салаларға дейін қызмет ететін қоғамның қажетті құралына айналуы қажет.

Сол сияқты тіліміздің болашағы да біздің өзімізге тікелей

тәуелді. Тіл мен ұлтты бөліп-жаруға болмайды. Ұлтты, тілді сақтау үшін, оның қолданысын кеңейту үшін ұрпағын өз тілінде сөйлеуі керек. Тіл – ұлттың жаны, халықтың асыл белгісі, тыныс-тіршілігі, үні. Оны құрметтеп, қорғау, келешек ұрпаққа жеткізу Қазақстанның бақыты да, парасатты, білімді, еңбекқор ұрпағы, біздерге ғасырлар бойы ата-бабаларымыздан жеткен аманат.

Ана тілін халқымыз ұлттық рухқа, қазына байлыққа балайды. Себебі, тіл халықтың жаны, тұтастай кескін келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұрағатқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз қазақ тілі. Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз оны барлық салада белсенді пайдаланатын дамыту, тілдің қолданылу аясын арттыруға күш салу. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан тілдік қорымызды үздіксіз жетілдіріп отыру үшін заңдар қабылданып, бағдарламалар жасалған. Осы мүмкіндіктерді пай-



А.АЛИМЖАНОВА, Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің бас маманы

даланып мемлекеттік тілдің қолдану өрісін кеңейту парыз.

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілінің келешегі ең алдымен, мемлекетіміздің тіл саясатын сауатты, жүйелі әрі пәрменді түрде жүргізуіне және біздің әрқайсысымыздың азаматтық, ұлттық парызымызға адалдығымызға тікелей байланысты. Үкіметіміз мемлекеттік тіліміздің қорғаны болса қазақ тілінің болашағы зор.

Әр қадамымызды абайлап басып, өз мүддемізге қызмет ете білсек, қазақтың да, қазақ тілінің де келешегі кемел бола-рына сенімді мол. Әрқашан еліміз деп соғар ұрпақтың, тілге деген құрметі мөңгі сөнбеуі керек деп білемін.

• СПОРТ

Ақтауда 13-17 мамыр аралығында спорттық және жауынгерлік самбодан кадеттер, жасөспірімдер, жастар және шеберлер арасында алғаш рет Азия және Мұхит жағалауы елдері чемпионаты өтті.

Жарысқа 25 мемлекеттен 500 спортшы қатысты, елімізден 96 спортшы



ТҰҒЫРДА – ТОПЖАРҒАНДАР

бақ сынап, чемпионат жоғары деңгейде аяқталды. Аталған чемпионатқа намысын қорғау үшін Кентау қаласының спортшылары да қатысты. Сары құрлық елдері арасындағы дүбірлі бәсекеден кентаулық спортшыларымыз бос келмеді.

Жеңімпаз және жүлдегер атанған спортшыларды құттықтау үшін қала әкімі Жандос Тасов бастаған зиялы қауым өкілдері мен спорт жанашырлары Үлгімақ алаңында жиналып, чемпиондарды қарсы алды. Елдің, қаланың мәртебесін көтерген чемпиондарды қала әкімі құттықтап, сый-құрмет көрсетті.

Еліміздің Көк туын көкке желбіретіп, қаламыздың мәртебесін көтеріп жеңіспен оралған спортшыларымыздың шын жүректен құттықтаймын. Алпауыт мемлекеттердің спортшылары бақ сынағанда боз кілем бәсекесінде кентаулық самбодшылардың топ жаруы біз үшін үлкен қауанышты жаңалық болды. Кез келген спортшыға бұйыра бермейтін Сіздердің айқын жеңістеріңіз барша қазақ елінің жеңісі. Оның ішінде қаламыз үшін зор маңызы. Спортшылардың айтулы жарыста алтын күміс және қола медаль тағып, жеңіс тұғырынан көрінуіне, оларды бала күнінен спортқа бау-

лыған жаттықтырушыларының еңбегі өлшеусіз. Азия және Океания чемпионатында намысты қолдан бермей, қала мерейін үстем еткендеріңіз үшін алғыс білдіремін, – деді қала әкімі Жандос Тасов.

Дүбірлі додада топ жарған спортшылар мен олардың бапкерлеріне қала әкімі алғыс хат пен сыйлықтар табыс етті.

Ақбота он жасынан бері Кентау қалалық Б.Саттарханов атындағы №1 БЖСМ-нің самбо спортымен айналысады. Осыған дейін Абай облысы, Семей қаласында өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында 72 салмақ дәрежесінде белдесіп, қола медальді қанжығасына байлап келді. Сонымен қатар, Әлем чемпионатының қола жүлделері атанды, – деді Б.Саттарханов атындағы №1 БЖСМ-нің жаттықтырушысы Қанат Арғынбаев.

Айта кетейік, тартысты жекпе-жектер нәтижесінде 72 салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Ақбота Қыдырәлі алтын медаль, 71 келіде өнер көрсеткен Нұрбек Нұрбаев күміс медальға қол жеткізді. Ал 72 келіде Алина Абақова мен 98 келіде Сайысқа түскен Нұрхан Жамалхан қолаға қол жеткізді.

Раушан НАРБЕК

ЖАРНАМА

Есеп ШОБ кәсіпорындарына арналған ҚЕХС ақпаратын ашудың және құрамының талаптарына сәйкес құрылған.

Атауы: "Бірінші болу - батылдық" корпоративтік қоры Спорт саласындағы өзге қызмет

Қызметкерлердің орташа жылдық есебі 050059, ҚР, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 5 үй, 1 А павильон, 5-орынжай, 501 кеңсе, 140840008587 нөмірі, Жеке сәйкестендіру нөмірі

Қаржы жағдайы туралы есеп (бухгалтерлік теңгерім) 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Table with financial data for 'Бірінші болу - батылдық' corporation. Columns include indicators, end of period, and beginning of period.

Алынған қаражатты мақсатты пайдалану туралы есеп 2023 жылғы

Ұйым "Бірінші болу - батылдық" корпоративтік қоры Қызметкерлердің орташа жылдық есебі 050059, ҚР, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 5 үй, 1 А павильон, 5-орынжай, 501 кеңсе, 140840008587 нөмірі, Жеке сәйкестендіру нөмірі

Қызметкерлердің орташа жылдық есебі 050059, ҚР, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 5 үй, 1 А павильон, 5-орынжай, 501 кеңсе, 140840008587 нөмірі, Жеке сәйкестендіру нөмірі

Table with financial data for 'Бірінші болу - батылдық' corporation regarding received funds. Columns include indicators and amounts.

"Қазпочта" арқылы газетке жазылу нұсқаулығы

Subscription instructions for 'Zangazet' via KazPost. Includes steps from mobile app to payment and a QR code.

МҰРАҒЕРЛІК

6. 2021 жылы 24 тамызда қайтыс болған Бедерова Нинаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

7. 2023 жылы 23 қарашада қайтыс болған азаматша Узахова Жанар Наурызбайқызының артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз. Мекенжайы: Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Қалқаман-2» ықшамауданы, Әшімов көшесі, 13А. Тел. 87017655074.

8. 2024 жылы 24 сәуірде қайтыс болған азамат Ким Наталья Чан-Гонванның артынан мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз. Мекенжайы: Атырау қаласы, «Авангард 3» ықшамауданы, 75 үй, 5 кенсе.

9. 2022 жылы 23 шілдеде қайтыс болған азамат Тамшьева Сахыштың артынан мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз. Мекенжайы: Атырау қаласы, «Авангард 3» ықшамауданы, 75 үй, 5 кенсе.

ТАРАТУ

- List of public notices and legal announcements with dates and locations.

- List of public notices and legal announcements regarding inheritance and other matters.

ӘРТҮРЛІ

- List of public notices and legal announcements regarding various legal matters.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Almaty city Tel.: 8(727) 292-43-43, 8 (708) 929-98-74 E-mail: zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

«Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86. «Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖКС, Павлодар қаласы, Крупецкая көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Версия-Пресс» ЖКС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04. Калиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтшіев көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaidybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.